

Әлеуметтік педагогтың ата – анамен жүргізілетін жұмыстары



*А. Н. Дишенова - Ақсай қаласының №4 жалпы орта
білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогі*

*Балаға сіңірген ата – ана еңбегін
бала өмір бойы ақтап бола алмайды.*

*Балаға деген махаббатқа ешбір
махаббат теңдесе алмайды, ол өле –
өлгенше сусындайтын махаббат.*



Ғабиден Мұстафин.

Мақсаты:

*Бала құқығын қорғап, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау;
Ата-аналардың тәрбиеге көзқарасын жандандыру мақсатында ағарту шараларын өткізу.*

Міндеттері:

- *Отбасындағы жағдайды анықтау, жұмыс жоспарын құру;*
- *Отбасындағы бала тәрбиесіне бақылау жүргізу, қадағалау;*
- *Отбасы мүшелері арасында қалыпты жағдай туғызу.*

Әлеуметтік педагогикадағы «отбасы» түсінігі

Әлеуметтік педагогтың қызметі балалардың дамуы мен оны қорғауды қамтамасыз ету заңына негізделген. Әлеуметтік педагог сонымен қатар өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңын, басқа да нормативтік актілермен құжаттарды басшылыққа алады. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани-адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал етеді.

Әлеуметтік – педагогикалық қызметтің құрылымы



Әлеуметтік педагогтың ата - анамен қызметі:

- Отбасына әлеуметтік –психологиялық көмек көрсету;*
- Отбасы мен балаларға дәрігерлік, психологиялық, педагогикалық кеңес беру;*
- Балаларды күйзелтетін даулы мәселелерді шешуге көмектеседі;*
- Мінезінде ауытқушылығы бар адамдарға психологиялық және диагностикалық коррекция жасау;*
- Профилактикалық шаралар ұйымдастыру*

Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары:

*Көп балалы,
аз қамтылған
отбасымен жұмыс*

*Қамқорлықсыз,
қорғанышсыз
қалған балалармен
жұмыс*

*Тәртіп бұзуға
бейім балалармен
жұмыс*

*Сынып
жетекшілермен
жұмыс*

*Басқа да
ұйымдармен
байланыс*

*Құқық бұзушылықтың
алдын алу жұмысы*

- ***Отбасы*** – жасөспірімдерді әлеуметтендірудегі өте маңызды институт. Бұл баланың дамуы мен жеке өмір сүру ортасы. Ол мынадай өлшемдермен анықталады: әлеуметтік –мәдени, әлеуметтік –экономикалық. Осыған орай әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жүргізілетін жұмысы аса маңызды болып саналады. Ол отбасындағы жағдайлар туралы толық мәлімет ала отырып, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен ынтымақтаса, оларға кәсіби педагогикалық көмек көрсетеді. Педагог пен ата-ананың үнемі ынтымақтаса отырып, әр кезеңде атқаратын міндетінің бірі қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік педагогтың отбасымен бірлесе әрекет етуін ұйымдастырудағы мүмкіндіктер:

- **Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуде этнопедагогикалық потенциалын анықтау мақсатында отбасын зерттеу;**
- **Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуге қажетті ата-аналардың адамгершілік, әлеуметтік мүмкіндіктеріне қарай отбасыларын топтарға бөлу;**
- **Халықтық педагогика дәстүрлері негізінде әлеуметтік педагог пен ата-аналардың бірлесе әрекет ету бағдарламасын жасау;**
- **Өзара тәрбие қызметіндегі ағымдағы нәтижелерді зерттеу;**

Ата - аналар топтары

Балалары үлгілі отбасы тобы

Балалары нашар оқитын отбасылар тобы

Тұрмыс жағдайының қиындығы бала тәрбиесіне әсер ететін отбасылар тобы

Материалдық жағдайы өте жақсы отбасылар

Барлық мүмкіндігі бар, үлгілі отбасылар.
Жүргізілетін жұмыс формасы: шығармашылық кештер, ата-аналар тренинг

Бала тәрбиесіне көңіл бөлмейтін, селқос қарай -тын, ішімдікке әуес отбасылар.
Жүргізілетін жұмыс формасы: тақырыптық кеңес, психоло -гиялық тренинг

Балаға тәрбие берудегі бағыт-бағдары талапқа сай отбасы. *Жүргізілетін жұмыс формасы: ата-аналар университеті, отбасылық тәжірибе презентациясы*

Баланың тәртібі, талпынысы жақсы, бірақ отбасының материалдық тапшылығы бала психологиясына кері әсер ететін отбасылар. *Жүргізілетін жұмыс формасы: пікірталас клубы, педагогикалық семинар*



Әлеуметтік педагог төмендегі ережелерді сақтауы тиіс

- ата – аналар мен балалар өзін зерттеу объектісі ретінде сезінбеуі тиіс;**
- зерттеу мақсатты, жоспарлы, үздіксіз, және жүйелі жүргізілуі тиіс;**
- зерттеу әдістері дәстүрлі тәрбие әдістерімен байланысты болуы тиіс;**

Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар



“Тұлға қалыптастырудағы құқықтық тәрбиеге байланысты отбасының рөлі мен қызметі”
ата-аналар жиналысында оқылған баяндама


Бар мейіріміміз балаларға



Әлеуметтік педагогтың ата-анамен жұмыстарының нәтижелері:

- Ата-ананың бала тәрбиесінде жауапкершілігін арттыру;
- Ата-ана бала құқығын, өз құқықтарын қорғауды пайдалануда кәсіби сауаттануы;
- Ата-ананың психологиялық, педагогикалық тұрғыдан сауаттылық деңгейінің жоғарылауы;
- Ата-ананың мектеппен, сыныппен қарым-қатынасының жақсаруы;
- Баланың зиянды әдеттерден аулақ болуының жауапкершілігі жоғарылауы, яғни ата-ана баласына салауатты өмір салтын үнемі насихаттауы.


Мектептегі толық емес жанұялар (2014-2015 оқу жылы)




Мектептегі аз қамтылған жанұялар (2014 - 2015 оқу жылы)




Мектеп жанұяларының әлеуметтік құрамы (2014 - 2015 оқу жылы)




Мектеп ата-аналарының жас ерекшелігі (2014-2015 оқу жылы)



Мектеп жанұяларындағы бала санының (2014 - 2015 оқу жылы)



Мектеп оқушыларының тұрғын жайлары (2014 - 2015 оқу жылы)



Қорытындылай келе бүгінгі қоғам алдындағы мақсат - өмірдің барлық саласында белсенді шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу. Ол үшін бала тәрбиесімен айналысатын отбасы балабақша, мектеп, қоғам және жұртшылықтың тәрбие кіріктіріліп жүзеге асуы тиіс. Өйткені, отбасына мектен тарапынан білікті көмек қажет. Педагогтар мен ата-аналардың өзара әрекетінің арқасында ғана оқушы тұлғасын дамыту мәселелерін табысты шешуге болады.

Назарларыңызға рақмет!

